

Анықтама

Іс-шара атауы: Maqsut Narikbayev University насихаттық кездесуі

Күні: 14.11.2025 ж.

Қатысушылар: 10-11 сынып оқушылары

Мақсаты: Мақсұт Нарикбаев университетіне қызығушылықты арттыру, мектеп оқушыларын университеттің оқу бағдарламалары мен мүмкіндіктерімен таныстыру, абитуриенттерді тарту.

Қысқаша мазмұны: Университет өкілі оқушыларға оқу бағдарламалары мен мүмкіндіктерді таныстырды, сұрақ-жауап жүргізіп, абитуриент болуға қызығушылықтарын арттырды.



Қорытынды: Кездесу барысында жоғары сынып оқушылары Maqsut Narikbayev University-дің оқу бағдарламалары мен білім беру ерекшеліктері туралы толық мәлімет алды. Сұрақ-жауап форматында өткен шара нәтижесінде оқушылардың аталған оқу орнына түсуге деген ынтасы артып, болашақ абитуриент ретінде кәсіби таңдау жасауға бағыт-бағдар берілді. Іс-шараның мақсаты толық орындалды.

Анықтама

Іс-шара атауы: 11-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған кәсіптік бағдар беру және ҰБТ бойынша ата-аналар жиналысы

Күні: 08.11.2025 ж.

Қатысушылар: 11-сынып оқушыларының ата-аналары

Мақсаты: Ата-аналарды оқушылардың кәсіби бағдар беру процесімен таныстыру, мамандық таңдаудың негізгі бағыттары, жоғары оқу орындары мен колледждерге түсу ерекшеліктері, сондай-ақ ҰБТ-ға дайындық мүмкіндіктері туралы ақпарат беру арқылы оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауға қолдау көрсету.

Қысқаша мазмұны:


2025 жылғы 8 қарашада 11-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған кәсіптік бағдар беру бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мамандық таңдаудың негізгі бағыттары, жоғары оқу орындары мен колледждердің ерекшеліктері, білім беру бағдарламалары және қабылдау талаптары туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Сонымен қатар ата-аналарға Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалу мүмкіндіктері түсіндіріліп, таңдау пәндеріне қойылатын талаптар мен грантқа түсу шарттары жөнінде мәлімет берілді. Ата-аналарға баланың қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып мамандық таңдаудың маңыздылығы түсіндірілді.

Жиналыстың сұрақ-жауап бөлімінде ата-аналар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандық таңдау, оқу орындарына түсу және ҰБТ тапсыру мәселелері бойынша қажетті кеңестер алды.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде ата-аналар кәсіби бағдар беру, мамандық таңдау, жоғары және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарына түсу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат алды. Сонымен қатар балалардың болашақ кәсіби бағытын анықтауда ата-аналық қолдаудың маңыздылығын түсініп, мамандық таңдауға саналы түрде бағыт беру қажеттігіне назар аударды.



Анықтама

Іс-шара атауы: ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының агитациялық кездесуі

Күні: 03.12.2025 ж.

Қатысушылар: 9-10-11 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларға Азаматтық қорғау саласындағы мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат беру, кәсіби бағдар беру, сондай-ақ жоғары оқу орнына түсу мүмкіндіктерін және болашақтағы мансаптық өсудің артықшылықтарын таныстыру.

Қысқаша мазмұны:

Кездесу белсенді форматта өтті. Академия қызметкерлері мамандықтың артықшылықтары, оқу процесі, болашақта жұмысқа орналасу мен қызметтік өсудің нақты жолдары туралы әсерлі түрде баяндады. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауап берілді, олар қызығушылық танытып, Академияға түсу мүмкіндіктерін талқылады.

Ақпаратты Азаматтық қорғау аға лейтенанты, күндізгі оқу факультетінің аға оқытушы-әдіскері **Айдапкелова Динара Сырғабековна** және Азаматтық қорғау майоры, күндізгі оқу факультетінің оқытушы-әдіскері **Касенов Асет Алимтаевич** ұсынды. Олар Академияның беделі, оқу жүйесі, материалдық-техникалық базасы және мамандарға деген сұраныс туралы айтып, не себепті дәл осы оқу орнын таңдау тиімді екенін түсіндірді.



Қорытынды: 2025 жылғы 3 желтоқсанда мектеп бітіруші сыныптар үшін өткізілген кездесу оқушылардың әскери және құтқару саласындағы мамандықтарға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Академия өкілдері азаматтық қорғау маманы болудың беделі мен мемлекеттік қамтамасыз ету артықшылықтарын негізге ала отырып, жастарға саналы түрде кәсіби таңдау жасауға көмектесті. Іс-шара қорытындысы бойынша жоғары сынып оқушылары аталған оқу орнына түсу талаптары мен болашақ қызметтің кепілдіктері туралы толық мәлімет алып, кәсіби бағдар алды.

Сілтеме:



Анықтама

Іс-шара атауы: «Мен мамандықты таңдаймын» презентация байқауы

Күні: 04.12.2025

Қатысушылар: 9-сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларға әртүрлі мамандықтар туралы ақпарат беру, олардың кәсіби қызығушылықтарын анықтауға көмектесу және болашақ мамандық таңдауында бағыт-бағдар беру.

Қысқаша мазмұны: Байқау белсенді және қызықты форматта өтті. Қатысушылар өз таңдаған мамандықтары туралы презентациялар жасап, ойларын ашық айтты. Әрбір оқушы мамандыққа деген көзқарасын, арманын және болашақта қандай жетістіктерге қол жеткізгісі келетінін бөлісті. Бағдарлама барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен коммуникативтік дағдылары дамыды.

Қорытынды: Байқау нәтижесінде қатысушылар өз ойларын еркін жеткізе білді және болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылықтарын арттырды. Қорытынды бойынша:

- **1-орын** – Касенова Айдана, 9 А
- **2-орын** – Болатхан Мирас, 9 Ә
- **3-орын** – Молдаберген Кәусар, 9 А

Барлық қатысушылар белсенділік танытып, болашаққа сенімді қадам жасады. Іс-шара оқушыларға шабыт пен мотивация берді.



Анықтама

Іс-шара атауы: Университет имени Шокана Уалиханова өкілдерінің кәсіби бағдар беру мақсатындағы кездесуі

Күні: 11.12.2025 жыл

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары.

Мақсаты: 11-сынып оқушыларын университеттің білім беру бағдарламаларымен таныстыру, жоғары оқу орнына түсу шарттары туралы ақпарат беру және кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу.

Қысқаша мазмұны:

Кездесу барысында университет өкілдері университеттің тарихы, білім беру бағыттары, бакалавриат бағдарламалары, қабылдау ережелері, ҰБТ талаптары, гранттар мен ақылы оқу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берді.

Сонымен қатар, студенттік өмір, жатақхана жағдайы, академиялық ұтқырлық, практика және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жайлы айтылды.

Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.

Қорытынды:

Кездесу 11-сынып оқушылары үшін пайдалы және мазмұнды өтті. Оқушылар университет туралы толық мәлімет алып, болашақ мамандық таңдауға қатысты ой қалыптастырды. Іс-шара кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етті.



Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандықты дұрыс таңдай білу» дөңгелек үстел

Күні: 10.12.2025 ж.

Қатысушылар: 9-сынып оқушылары

Мақсаты:

Оқушыларға мамандық таңдаудың маңыздылығын түсіндіру, өз қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағыт беру, болашаққа саналы кәсіби бағдар қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны: Іс-шара кіріспе сөзден басталды. Оқушыларға дөңгелек үстелдің мақсаты мен ережелері түсіндіріліп, мамандық таңдаудың адам өміріндегі рөлі туралы қысқаша ақпарат берілді.

Талқылау барысында оқушылар өздерін қызықтыратын мамандықтар, жеке қабілеттері және болашаққа қатысты жоспарлары туралы ойларымен бөлісті. Мамандық таңдауда қызығушылық, қабілет, еңбек нарығындағы сұраныс және өмір салты сияқты факторлардың маңыздылығы атап өтілді.

Сонымен қатар, оқушыларға қазіргі жұмыс әлеміндегі трендтер таныстырылды. Атап айтқанда, IT және цифрлық технологиялар, медицина, білім беру, құрылыс, логистика, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат берілді.

Практикалық бөлімде оқушылар өз қызығушылықтары мен қабілеттерін саралап, болашақта таңдауы мүмкін мамандықтарды анықтауға тырысты. Жұптық және топтық талқылау арқылы оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдап, өз ойларын еркін жеткізе білді.

Іс-шара соңында мамандық таңдауда қателесуден қорықпау, үздіксіз ізденіс пен өзін-өзі дамыту маңызды екені айтылып, қорытынды жасалды.

Қорытынды

Дөңгелек үстел барысында оқушылар мамандық таңдауға саналы түрде қарау қажеттігін түсінді. Іс-шара оқушылардың өзін-өзі тануына, болашақ кәсіби бағытын анықтауға оң әсер етті.



Анықтама

Іс-шара атауы: «Шетелдік университеттер туралы оқушыларды ақпараттандыру»

Күні: 10.12.25ж

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары

Мақсаты: 11-сынып оқушыларын шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндіктерімен таныстыру, академиялық ұтқырлық, гранттар, қабылдау талаптары және болашақ кәсіби бағдар жөнінде ақпарат беру.

Қысқаша мазмұны: Іс-шара барысында оқушыларға шетелдік университеттерде білім алудың негізгі артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы ақпарат берілді. Өртүрлі елдердегі жоғары оқу орындары, оқу бағыттары, оқыту тілі, қабылдау талаптары, IELTS/TOEFL сияқты халықаралық емтихандардың маңызы, сондай-ақ гранттар мен стипендиялық бағдарламалар жөнінде түсіндірілді.

Сонымен қатар, шетелде оқуға дайындық кезеңдері, құжат тапсыру тәртібі және мамандықты саналы түрде таңдаудың маңыздылығы талқыланды. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толық жауап алды.

Қорытынды:

Іс-шара оқушылардың шетелдік білім беру мүмкіндіктері туралы түсінігін кеңейтіп, болашақ оқу бағытын жоспарлауға ынталандырды. Оқушылар тарапынан белсенділік байқалды, тақырып өзектілігін көрсетті.

